

Карантинді тоқтату және Темір қаласы әкімінің 2021 жылғы 2 маусымдағы № 13 " Темір қаласының аумағына карантин белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Темір қаласы әкімінің 2021 жылғы 3 тамыздағы № 19 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 тамызда № 23889 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, " Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Темір аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 13 шілдедегі № 2-14-07/148 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Темір ауданы Темір қаласы аумағында мүйізді ірі қара малдары арасынан қарасан ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шараларының жүргізілуіне байланысты белгіленген карантин тоқтатылсын.

2. Темір қаласы әкімінің 2021 жылғы 2 маусымдағы № 13 "Темір қаласының аумағына карантин белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22955 тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Ақтөбе облысы Темір ауданы Темір қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағанынан кейін Темір ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Темір қаласының әкімі

А. Куканов